"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ И ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

**БҰЙРЫҚ** / **ПРИКАЗ**

2016ж 26 шілде  № 194-НҚ

Талдықорған қаласы / город Талдыкорган

**Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Алматы филиалының Ақешкі өндірістік учаскесі бойынша суды арналар арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабындағы 1-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 115-НҚ бұйрығымен бекітілген Уақытша өтемдік тарифті бекіту жөніндегі қағидаларына және Алматы облыстық прокуратурасының 2016 жылғы 13 шілдесіндегі №2-04070-16-19873 ұсынысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығында Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалының Ақешкі өндірістік учаскесіне:

1.1. суды арналар арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф 1 м/3 – 0,199 (ҚҚС-сыз) теңге мөлшерінде 12 ай мерзіміне бекітілсін.

2. Уақытша өтемдік тариф мөлшерін есептеу осы бұйрықтың № 1 қосымашасына сәйкес қоса тіркелсін.

3. ««Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалы Ақешкі өндірістік учаскесінің суды арналар арқылы беру қызметіне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2013 жылғы 31 сәуірдегі №244-НҚ бұйрығының қолдануы тоқтатылсын.

4. Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығында Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалының Ақешкі өндірістік учаскесінің назарына жеткізсін.

001580

5. Талдау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі (Д. Құрбаева) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министірлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетіне ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығында Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалының Ақешкі өндірістік учаскесінің суды арналар арқылы беру қызметіне тариф деңгейінің өзгеруі туралы тұтынушыларды белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуы департамент басшысының орынбасары Г.Шарапиеваға жүктелсін.

8. Осы бұйрық 2016 жылдың 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1,2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Департамент басшысы** **Т. Галинов**

Приложение №1 к приказу Департамента Комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренций Министерства Национальной экономики республики Казахстан по Алматинской оьласти №194-ОД от "26" июля 2016 года

**Расчет компенсирующего тарифа**
**для ПУ Акешки АФ РГП "Казводхоз" МСХ РК**
**на услуги подачи поливной воды по каналам**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Т | действующий тариф | тенге/м3 | 0,207 |
| V | годовой объем регулируемых услуг, учтенный в тарифной смете | м3 | 1897100 |
| П | прибыль, учтенная в утвержденной тарифной смете | тенге | 0 |
| А | годовая норма амортизации, учтенная в утвержденной тарифной смете | тенге | 108000 |
| к | ставка рефинансирования Нацбанка РК на день принятия решения | % | 5,5 |
| НД | сумма необоснованно полученного дохода | тенге | 13 920 |
| НДк | сумма необоснованно полученного дохода, с учетом ставки рефинансирования<br>НДк = НД х ((100 + к)/100) | тенге | 14685,6 |
| Т пр. | предельный уровень тарифа<br>Т пр = (Т х V - (П + 0,5 х А)) / V | тенге/м3 | **0,179** |
| | ***временный компенсирующий тариф*** | | |
| Т комп | Т комп = (Т х V - НДк)/V | тенге/м3 | 0,199 |
| n | период действия компенсирующего тарифа<br>n = НДк/((Т - Тпр) х V) | | 0,27 |
| n | период действия компенсирующего тарифа<br>n = НДк/((Т - Ткомп) х V) | | 1,00 |

Временный компенсирующий тариф 0,199 тенге/м3 (без НДС),
сроком действия на 1 год